

ШҚ ББ «Қосалқы мектеп-интернаты» КММ
Қамқоршылық кеңесінің отырысының
№ 1 Хаттамасы

31.08.2022г

Шымкент қ.

1.Күн тәртібінде:

- Мектептің ішкі тәртібі, тәрбиеленушілердің қауіпсіздігі
- Мектеп-интернатында 10 сынып ашу мәселесі

Бірінші сұрақ бойынша мектеп-интернаты директоры А.Ж.Дуйсенбиев оқу-тәрбие процесі барысында қойылатын талаптардың өз күшінде екендігін ескертіп, ата-аналарды ортақ мүдде тұрғысында бірлесе жұмыс істеуге шақырды.

Ата-аналар жиналысында мектеп-интернаты директоры А.Ж.Дуйсенбиев оқушылардың жеке бас қауіпсіздігіне де тоқталды. Мектепте жылдар бойы қалыптасқан қағида бойынша барлық сынып оқушылары сабаққа ересектермен бірге келуі шарт. Демалыс күндері үйлеріне де ересектермен бірге жіберіледі. Бұл балаларды жол апаты, көше бұзақылары, тб, қауіп-қатерден сақтандыру үшін қажет.

«Баланың сабақ кезіндегі қауіпсіздігіне педагогтар мен мектеп ұжымы жауапты. Мектептен тысқары жерде бұл жауапкершілік ата-аналардың мойнында» деді А.Ж.Дуйсенбиев. Директор мектеп-интернатының ғимараттарында тәрбиеленушілердің өмір қауіпсіздігін сақтау мақсатында мамандырылған күзет жұмыс жасап жатқанын және күзетке барлық жағдай жасалғанын атап өтті.

Екінші сұрақ бойынша мектеп-интернаты директоры А.Ж.Дуйсенбиев "Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығының 7 тарауына сәйкес мектеп-интернатының түлектері 10 сыныпты бітіру міндеттелген атап өтті.

Қабылданған қаулы:


- 1.Оқушылардың өмір қауіпсіздігі сабақ процесі кезінде мектеп-интернаты мұғалімдеріне, мектептен тыс уақытта ата-аналарға жүктелінсін.
- 2.Аталмыш бұйрықты орындау мақсатында мектеп-интернатта 10 сынып ашылсын.

Жиналыс төрайымы:



У.Келимбетова

Жиналыс хатшысы:



Г.Мыктыбаева